

Кемтар балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі әлеуметтік көмек бөлімшесіні Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысының әкімиятының 2003 жылғы 31 шілдедегі N 112 қаулысы. Жамбыл облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 9 қыркүйекте 1068 нөмерімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 30.01.2014 № 2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңын жүзеге асыру мақсатында облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Кемтар балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі әлеуметтік көмек бөлімшесінің Ережесі" бекітілсін.

2. Тараз қаласы және аудандар әкімдері еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармаларын кемтар балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі әлеуметтік көмек көрсету бойынша уәкілетті орган етіп белгілесін және оларды»штаттық санының құрылымына тиісті өзгерістер енгізісін

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс Әкімінің орынбасары М.Н. Байбековке жүктелсін.

<i>Облыс әкімі</i>	<i>С. Умбетов</i>	
Жамбыл	облысы	әкімиятының
2003	жылғы	31 шілдедегі
"Кемтар	балаларға	үйде
әлеуметтік	қызмет	көрсету
жөніндегі	әлеуметтік	көмек
бөлімшесінің		Ережесін
бекіту	туралы "	N 112
қаулысымен бекітілген		

Кемтар балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі әлеуметтік көмек бөлімшесінің ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңына сай кемтар балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетудің жалпы тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Үйде әлеуметтік қызмет психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ары қарай ПМПК) қорытындысы бойынша басқа адамның күтіміне мұқтаж мүгедектер қатарындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларға көрсетіледі.

2. Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерін құру

2. Кемтар балаларға үй жағдайында әлеуметтік қызмет көрсету үшін үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері құрылады (ары қарай - әлеуметтік көмек б ө л і м ш е л е р і) .

3. Әлеуметтік көмек бөлімшелері аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығының немесе интернат үйінің құрылымдық бөлімшелері немесе аудандық, қалалық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына (бөліміне) бағынышты өз алдына бөлімшелер бола алады. Бірнеше әлеуметтік көмек бөлімшелері болған жағдайда, олар аумақтық негізде құрылып ж ұ м ы с і с т е й д і .

4. Әлеуметтік көмек бөлімшелері аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығының немесе интернат үйінің немесе аудандық, қалалық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының (бөлімінің) бұйрығымен құрылады, қайта ұйымдастырылады, таратылады.

5. Әлеуметтік көмек бөлімшелері аумақтық орталықтардың, интернат үйлерінің немесе еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармаларының (бөлімдерінің) үй-жайларында немесе әкімият бөлген коммуналдық жақсы жабдықталған, телефоны бар басқа да үй-жайларда о р н а л а с а а л а д ы .

6. Әлеуметтік көмек бөлімшелері өз қызметінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының бұйрықтарын және нұсқаулық материалдарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

7. Әлеуметтік көмек бөлімшелерінің жұмысына оперативті басшылық жасауды және бақылауды, ұйымдастыру-әдістемелік көмек көрсетуді облыстық еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы, қалалық (аудандық) еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармалары (бөлімдері) жүзеге асырады.

3. Негізгі міндеттері

8. Әлеуметтік көмек бөлімшелерінің негізгі міндеттері басқа адамның күтімін қажет ететін кемтар балаларды анықтап есепке алу және оларға қажетті әлеуметтік қызмет көрсету, соның ішінде:

1) кемтар балалар тәрбиелеп отырған құқығына тәрбиелеу, балаларына күтім жасау, олардың күнделікті тұрмысын, бос уақытын ұйымдастыру проблемаларын шешуге көмек көрсету;

2) мемлекеттік әлеуметтік, дәрігерлік, консультативтік және басқа да көмектерді алуына, арнайы әлеуметтік, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да қызмет түрлерінің көрсетілуіне, кемтар балалардың, кемтар бала асырап отырған отбасылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесін шешуге көмектесу;

3) басқа адамның күтімін қажет ететін кемтар балаларға үйінде әлеуметтік көмек көрсету.

4. Үйде әлеуметтік көмек көрсету

9. Үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері осы Ережелерге сай мынадай негізгі қызметтік бағыттарды жүзеге асырады:

1) арнайы әлеуметтік қызметке мұқтаж кемтар балаларды уақтылы анықтап, есепке алу жөнінде денсаулық сақтау, білім беру органдарымен, қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып жұмыс істеу;

2) мұқтаждарын, нақты қандай көмекті қажет ететінін анықтау мақсатында кемтар бала тәрбиелеп отырған отбасыларының тұрмыс жағдайларын тексеру, психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңес мамандарымен бірлесіп жеке қызмет көрсету картасын жасау;

3) әлеуметтік қызметкерлердің күтімді қажет ететін кемтар балаларға үйінде қызмет көрсетуі;

4) кемтар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына баланы жүріп-тұру және әлеуметтік дағдыларға (киіну, жуыну, дастархан басында ыдыстарды қолдана білу, ақша ұстау, сатып алу және тамақ дайындау, телефонды қолдану, көлікте жүру және тағы басқалар) үйретуге көмек көрсету;

5) кемтар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына материалдық, дәрігерлік, құқықтық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да қажет көмекті алуына көмек көрсету;

6) кемтар балалар мен олардың ата-аналарының әлеуметтік қиындықтарын анықтап, оларды жеңуге көмек көрсету, қажет жағдайларда ақыл кеңес алуларына көмектесу мақсатында педагог, психолог, заңгер және басқа да мамандар тарту;

- 7) баланың жасы мен денсаулығына сай оның бос уақытын (ойын, кітап оқу, оны талқылау, кітапханалық қызмет және басқалар) ұйымдастыру;
- 8) баланың ата-анасын науқас балаға жалпы күтім жасаудың практикалық дағдыларына үйрету;
- 9) балаға және ата-анасына психологиялық көмек көрсету;
- 10) отбасыларға кеңес беру және баламен айналысу тәсілдерін (қарым-қатынас, өзара әрекетке) үйрету;
- 11) қамқорлыққа алуды белгілеу, жәрдемақы тағайындау, интернат-үйлеріне немесе аумақтық орталықтарға орналастыру үшін құжаттарды ресімдеу мен көмектің басқа да түрлерін алуға көмектесу;
- 12) медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, соның ішінде үйге дәрігер шақыру, емханаға бірге алып бару;
- 13) протез-ортопедиялық бұйымдармен, техникалық және басқа да құралдармен, әлеуметтік көмектің басқа да түрімен қамтамасыз етілуіне көмектесу;
- 14) баланы өз-өзіне қызмет көрсету, үйде, үйден тыс өзін ұстауға, өзін бақылауға және қарым-қатынас дағдыларына үйрету;
- 15) қозғалыстың дамып-жетілуіне көмектесу;
- 16) қысылтаяң жағдайларда алғашқы медициналық көмек көрсету;
- 17) баланы отбасыға бейімдеу және оналту шараларын іске асыру мақсатында ата-анамен жұмыс;
- 18) консультативтік, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, басқа да жәрдемақылар беру мәселелері бойынша көмек көрсету;
- 19) атаулы әлеуметтік көмек алуға құжаттар ресімдеуге көмектесу;
- 20) кемтар балалар асырап отырған отбасылардың ішінен аз қамтамасыз етілгендерді демеушілік көмекке тарту мақсатында Қызыл Жарты ай және Қызыл Крест, басқа да қоғамдық ұйымдармен, қайырымдылық қорларымен байланыс жасап және оны одан әрі дамыту.

5. Үйде әлеуметтік көмек көрсету

10. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері:

- 1) әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі көрсететін қызметтің тізбесі мен көлемін белгілеуге, әлеуметтік қызметкердің жұмыс жүктемесін анықтауға;
- 2) уәкілетті және атқарушы органдарда және басқа құрылымдарда қызмет көрсетіліп жатқан азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға көмектесуге;
- 3) кемтар балаларды әлеуметтік қолдау жұмысының ахуалын еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау органдарының қарауына ұсынуға;

4) кемтар балаларға материалдық көмек көрсету мәселесі бойынша меншік нысанына қарамастан ұйым басшыларына өтініш беруге құқылы.

11. Әлеуметтік қызметкерлер, оның ішінде бөлімше меңгерушілері, қоғамдық көлікте жол жүру үшін жол жүру билеттерімен немесе олардың құндарының мөлшерінде осы мақсаттарға қаралған үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесін ұстау бойынша жергілікті бюджет шығындары есебінен ақшалай өтемақымен қамтамасыз етіледі.

6. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінің қызмет етуінің шарттары мен тәртібі

12. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері қызмет көрсетілетін кемтар балалар саны 80 және одан көп болғанда құрылады.

Әрі қалалар мен мекен-жайларда қажет болған жағдайда бірнеше бөлімшелер біреу болып біріге алады.

Әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж кемтар балалар саны бөлімше ашуға жетпегенде, кемтар балаларға күтім бойынша әлеуметтік қызметкер лауазымын жалғызбасты қарттарға және мүгедектерге қызмет көрсететін үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің штатына енгізіледі.

Кемтар балаларға әлеуметтік көмек дербес және топтық, яғни күндізгі уақытта болатын бөлімшелерде болуы мүмкін.

13. Әлеуметтік қызметкерлердің штаттық бірлік саны қызмет көрсетілетін балалардың санына байланысты белгіленеді, мұнда бір әлеуметтік қызметкер 6 балаға қызмет көрсетеді деп алынады. Кейбір жағдайларда балалардың дамудағы ауытқулар мен қозғалыс белсенділігін ескеріп, әлеуметтік қызметкерге 4-5 балаға күтім жасау жүктелуі мүмкін. Егер отбасында қызмет көрсетуге мұқтаж бала 2 немесе одан да көп болса, әр бала жеке тұлға ретінде қаралады.

Қызмет көрсетілетін балалар саны 160-тан көп болғанда, әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесіне автомобиль бөлінуге тиіс, оған қаржы жергілікті бюджеттен бөлінеді (немесе автокөлікті жалға алу мәселесі шешіледі), жүргізуші қызметі енгізіледі.

Бухгалтер лауазымы әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері 3 және одан көп болғанда енгізіледі.

14. Жұмыс кестесі, қызмет көрсетілетіндер саны, үйлеріне барудың саны және әлеуметтік қызметкер көрсететін қызмет көлемі әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің меңгерушісі аумақтық орталық, интернат үйі немесе қалалық (аудандық) еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау

басқармасының (бөлімінің) басшылығының келісімі бойынша белгіленеді.

Әлеуметтік қызметкер қызмет көрсетілетін адамға аптасына 2-3 рет баруы тиіс.

7. Үйінде қызмет көрсетуге қабылдауды тәртібі

15. Үйінде қызмет көрсетуге ПМПК-ның»қорытындысы бойынша басқа адам күтімін қажет ететін кемтар балалар қабылданады.

16. Үйінде қызмет көрсетуге кемтар балаларды қабылдау аумақтық орталық директорының немесе интернат үйінің, қалалық (аудандық) еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы (бөлімі) бастығының немесе оның халықты әлеуметтік қорғау мәселесін қадағалап отыратын орынбасарының шешімдерімен жүргізіледі.

Үйінде қызмет көрсетуге қабылдауға мынадай құжаттар негіз болып табылады: арыз, басқа адамның күтімінің қажеттігі туралы ПМПК-қорытындысы, медициналық карта, медициналық-әлеуметтік сараптама (МҮС) бөлімінің (мүгедектігі туралы) анықтамасы, қоса берілетін формалар бойынша, материалдық-тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі.

17. Үйінде қызмет көрсетуге қабылдауға қарсы көрсетулер: жұқпалы, венерологиялық, карантиндік аурулар, бактериятартушылық, туберкулезді»өршіген формалары, арнайы денсаулық сақтау мекемелерінде емделуді қажет ететін басқа да ауыр науқастар болып табылады.

18. Қызмет көрсетуден шығарып алу ата-анасының жеке арызы бойынша немесе баланы интернат үйіне орналастыру және басқа да себептер бойынша жүргізіледі.

8. Үйде әлеуметтік көмек көрсету

19. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесін, аумақтық орталықтың немесе интернат үйінің немесе қалалық (аудандық) еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының (бөлімінің) директорының»бұйрығымен тағайындалатын меңгеруші басқарады.

20. Меңгеруші өз жұмысын еңбек және әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті орталық орган бекітетін "Әлеуметтік қамсыздандыру және жұмыспен қамту қызметінің басшылары, мамандары мен басқа да қызметкерлердің біліктілік анықтамасында" белгіленген лауазымдық міндеттерге сай жүзеге асырады.

21. Бөлімше меңгерушісі өзіне тапсырылған әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесінің мүлкін талан-таражға салу және бүлдіру жәйттері үшін дербес

22. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері білім беру және денсаулық сақтау, басқа да ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс істейді.

9. Әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастырудың тәртібі

23. Кемтар балаларға қызмет көрсету психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық кеңес мамандарының қатысуымен жасалынатын дербес бағдарлама бойынша жүргізіледі. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі көрсететін қызмет пен әлеуметтік қызметкерге жүктелетін жұмыс көлемі баланың денсаулығына, қозғалыс белсенділігіне сай белгіленеді.

24. Әлеуметтік қызметкердің кемтар балаларға көрсететін қызметі, үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі және кемтар баланың ата-анасымен жасалған келісім негізінде тегін көрсетіледі.

Келісім екі данада жасалып бір данасы ата-анаға беріліп, екіншісі үйде әлеуметтік көмек көрсететін бөлімшеде қалады.

25. Әлеуметтік қызметкерлер, соның ішінде жұмысқа қабылданатындары да флюорографиялық тексерудің, дерматолог пен терапевтің қорытындысы бар медициналық тексеруден өтеді. Медициналық тексерудің жиілігін денсаулық сақтау органдары белгілейді.

26. Күтім жасайтын әлеуметтік қызметкерлер өз жұмысын еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті орталық орган бекітетін "Әлеуметтік қамсыздандыру және жұмыспен қамту қызметінің басшылары, мамандары мен басқа да қызметкерлерінің біліктілік анықтамасында" белгіленген лауазымдық міндеттеріне сай атқарады.

27. Әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру жұмыс жоспарымен, графиктерімен және кестесімен реттеледі.

10. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерін қаржыландыру

28. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерін қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

Ақшалай қаражатты жұмсау қатаң түрде бекітілген сметаға сай жүзеге асырылады.